

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

«ТУРИЗМ» МЕКТЕБІ

«БЕКІТЕМІН»
Академиялық және ғылыми
істер жөніндегі вице-ректор
«МЕЖДУНАРОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ТУРИЗМА И ГОСТИНИЧНОСТИ»
Л.И.Шалабаева
«25» 09 2024 ж.

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БАК тыңдаушыларына арналған біліктілікті арттыру курсының тақырыбы

«ГИД-ЭКСКУРСОВОД ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ»

ӘЗІРЛЕНДІ

Н.О. Абишов
«25» 09 2024 ж.

ӘЗІРЛЕНДІ

Л.С. Динашева
«25» 09 2024 ж.

КЕЛІСІЛДІ

Мектеп директоры

С.А. Нахипбекова
«25» 09 2024 ж.

БАК тындаушыларына арналған «Гид-экскурсовод дайындау негіздері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы «Туризм» мектебінің мәжілісінде қаралды.

« 25 » 09 20214 ж. № 2 хаттама.

Мектеп директоры

(қолы)

С. Нахипбекова

(Т.А.Ә.)

БАК тындаушыларына арналған «Гид-экскурсовод дайындау негіздері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасын Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Оқу-әдістемелік кеңесі бекітті.

« 26 » 09 20214 ж. № 2 Хаттама.

ОӘК хатшысы

(қолы)

Ж. Сейткулова

(Т.А.Ә.)

Бағдарламаның мақсаты: тұтынушының сұраныстарына бейімделген қызметтерді әзірлеуге қабілетті, сондай-ақ туристік өнімдерді, экскурсиялық қызметтерді және жеке турларды ұйымдастыру мен ілгерілетуде практикалық дағдылары бар экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

Тыңдаушылар санаты: жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар мамандар

Оқыту мерзімі: 5 апта.

Сағат саны: 90 сағат (аудиториялық 39 сағат)

Оқыту нысаны: күндізгі, қашықтықтан, дербес оқыту.

Оқыту тілі: (қазақ, орыс)

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Туризм индустриясында маңызды орын алатын экскурсиялық қызметтер бүгінде тартымды, бәсекеге қабілетті және сапалы туристік өнімді қалыптастыруда маңызды мәнге ие. Қатысушылар қала құрылысы, этнографиялық, тарихи тақырыптарға экскурсиялар жүргізу әдістемесін, экскурсоводтар мен гидтердің әдістемелік секцияларында жұмысты ұйымдастыруды, түрлі экскурсияларды ұйымдастыруды, жеке экскурсиялық мәтіндерді құрастыруды, сондай-ақ экскурсиялар жүргізу саласында практикалық дағдыларды қалыптастыруды зерделей алады.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін тыңдаушылар келесі білімдерге, дағдыларға ие болады:

Білімі:

1. Экскурсиялық істің негіздерін білу.
2. Экскурсияларды дайындау технологиялары
3. Экскурсия жүргізу әдістері
4. Экскурсияны ұйымдастырудағы заманауи технологиялар.
5. Экскурсиялық қызметті ұйымдастыруды білуі тиіс.
6. Экскурсиялық шеберлік дағдыларын меңгеру.

Біліктілігі:

1. Экскурсиялық қызметтің элементтерін зерттеу
2. Экскурсиялық қызметтің негізгі белгілері мен аспектілерін зерттеу
3. Демонстрация және презентация ерекшеліктері
4. Экскурсия түрлерін зерттеу
5. Экскурсиялық қызмет көрсету әдістері мен әдістерін қолданыңыз
6. Экскурсиялық логиканың элементтері.

Дағдылары:

1. Туристік-экскурсиялық ұйымдардың қызмет түрлерін қарастыру
2. Экскурсиялық қызмет көрсету
3. Туристік-экскурсиялық маршруттарды ұйымдастырушы
4. Туристерге қызмет көрсету технологиясын құру
5. Технологиялық құжаттаманы әзірлеу
1. Бұл білім, Дағдылар тыңдаушыларға экскурсияларға сәтті қатысуға, экскурсияларды дайындау технологияларын, сондай-ақ экскурсияларды өткізу әдістерін сақтауға мүмкіндік береді.

Бөлімдер мен тақырыптар атауы	Сабақ нысаны			
	Барлығы	Аудиториялық	Өзіндік жұмыс	Үлгерімді ағымдағы бақылау нысаны
Модуль - 1. Экскурсия негіздері				
1.1. Туризм инфрақұрылымы	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
1.2. Экскурсия негіздері	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
1.3. Экскурсиялық әдістеменің теориялық-практикалық негіздері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
1.4. Экскурсияның жіктелуі	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
Модуль 2. Гид-экскурсоводты дайындау негіздері.				
2.1. Практикалық дағдыларды көрсету ретінде - Экскурсиялық нысандарды аралау.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
2.2. Экскурсияға дайындық құжаттары	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
2.3. Экскурсиядағы көрсету әдістері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
2.4. Экскурсиядағы әңгімелеу әдістері	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
2.5. Экскурсиялық қызметтерді жетілдірудің негізгі бағыттары	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
2.6. Экскурсияны жүргізу техникасы.	4,5	1,5	3	Бақылау сауалнамасы
Барлығы:	36	15	21	
Модуль 3. Түркістан өңіріндегі туристік нысандар тарихы				
3.1 Қазақстанның көне және ортағасырлық тарихы. Жібек жолы	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
3.2 Түркістан қаласы тарихы.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
3.3 Қ.А.Ясауи кесенесі тарихы. Зерттеу мен жөндеу барысы.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
3.4 Қ.А.Ясауи кесенесіндегі сақталған байырғы заттар. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
3.5 Түркістанның басқада архитектуралық және археологиялық ескерткіштері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
3.6 Түркістан қаласы айналасындағы көрікті жерлер	3,5	1,5	3	Бақылау сауалнамасы
3.7 Сауран тарихы мен ескерткіштері	3,5	1,5	3	Бақылау сауалнамасы
3.8 Отырар тарихы мен ескерткіштері	3,5	1,5	3	Бақылау сауалнамасы
3.9 Сайрам тарихы мен ескерткіштері	3,5	1,5	3	Бақылау сауалнамасы

3.10 Қазығұрт, Бәйдібек, Созақ аудандарының көрікті жерлері	4,5	1,5	3	Бақылау сауалнамасы
Барлығы:	36	15	21	
Модуль 4. Туристік өнімді жылжыту әдістері				
4.1. Туристік нарықты маркетингтік зерттеулер	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
4.2. Туристік өнімнің баға қалыптастыру ерекшеліктері	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
4.3. Туристік өнімді нарыққа жылжыту жолдары	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
4.4. Заманауи сату әдістері	3,5	1,5	1	Бақылау сауалнамасы
4.5 Нейромаркетинг. «Осал» сатылымдар	3,5	1,5	1	Бақылау сауалнамасы
4.6 Маркетинг трендтері мен инновациялары	3,5	1,5	1	Бақылау сауалнамасы
Қортынды:	90	39	51	Шағын жоба

Модуль - 1. Экскурсия негіздері

1.1. Туризм Инфрокұрылымы

Туристік фирмалар мен экскурсиялық бюролардың қызметі. Қонақ үй және мейрамхана кәсіпорындары. Атракцион саласындағы қызметтер. Экскурсиялық істің заңнамалық және нормативтік негіздері. ҚР заңдары, Үкімет қаулылары және туристік-экскурсиялық бизнес саласындағы басқа да нормативтік құжаттар.

1.2. Экскурсия негіздері

Экскурсия тарихы. Экскурсияның мәні. Экскурсия қызмет түрі ретінде. Экскурсияның мақсаттары, міндеттері, нысандары. Экскурсияның ерекшеліктері мен белгілері.

1.3. Экскурсиялық әдістеменің теориялық-практикалық негіздері.

Экскурсиялық әдістеменің теориялық-практикалық негіздері. Экскурсия таным процесі ретінде. Экскурсиядағы назар аудару. Назар аудару түрлері. Экскурсиялардағы алаңдаушылық. Экскурсиялардағы эмоциялар. Экскурсиялардағы психология элементтері.

1.4. Экскурсияның жіктелуі.

Мазмұны бойынша жіктеу. Тақырыптық және шолу экскурсиялары. Тақырыптық экскурсиялардың жіктелуі. Қатысушылардың құрамы мен саны бойынша жіктеу. Өткізу орны бойынша. Қозғалыс тәсілі бойынша. Көлік экскурсиялары. Түркістан қаласы бойынша шолу экскурсиясы.

Модуль 2. Гид-экскурсоводты дайындау негіздері

2.1. Экскурсиялық нысандарды аралау - практикалық дағдыларды көрсету ретінде.

Тарихи ескерткіштер. Сәулет және қала құрылысы ескерткіштері. Археология ескерткіштері. Өнер ескерткіштері. Экскурсиялық нысандар және олардың рөлі. Түркістан қаласының экскурсиялық нысандары. Практикалық дағдыларды игеру.

2.2. Экскурсияға дайындық құжаттары

Экскурсиядағы тақырып. Экскурсия тақырыбын дұрыс тұжырымдау принциптері. Экскурсия құжаттарын әзірлеу. Экскурсияға дайындық. Экскурсовод мәтіні, карточкасы, технологиялық карта.

2.3. Экскурсиядағы көрсету әдістері

Нысанды көрсету әдістері. Көрсетудің міндеттері. Экскурсияларда көрсету схемасы. Көрсету шарттары. Көрсетілім кезіндегі нұсқаулықтар. Көрсету түрлері. Көрнекілік принципінің жүзеге асырылуы.

2.4. Экскурсиядағы әңгімелеу әдістері

Экскурсиялық әдістемені жетілдіру жолдары. Экскурсиядағы әңгімелеу әдістері. Әңгімелеу міндеттері. Әңгімелеу шарттары. Әңгімелеу түрлері. Әңгіменің ерекшеліктері.

2.5. Экскурсиялық қызметтерді жетілдірудің негізгі бағыттары.

Экскурсиялық қызметтерді жетілдірудің негізгі бағыттары. Тарихи объектілердегі эпиграфиканы декодтауды әдісін білу. Экскурсияның басқа пәндермен байланысы. Экскурсиядағы психология негіздері.

2.6. Экскурсияны жүргізу техникасы

Экскурсоводтың топпен танысуы. Экскурсанттардың автобустан шығуы. Топты нысан алдында орналастыру. Экскурсанттардың қозғалысы. Экскурсанттардың автобуска оралуы. Экскурсоводтың орны. Экскурсияда уақытты сақтау. Автобус қозғалысы кезінде әңгіме жүргізу техникасы. Экскурсанттардың сұрақтарына жауаптар. Экскурсиядағы үзілістер. "Экскурсовод портфелін" пайдалану техникасы.

Модуль - 3. 1.Түркістан өңіріндегі туристік нысандар тарихы

3.1 Қазақстанның көне және ортағасырлық тарихы. Жібек жолы

Ұлы дала өркениетінің алғашқы жетістіктері: Ботай. Қола дәуіріндегі Қазақстан - жылқыны көлік ретінде игеру, бекіністі елді мекендер, металлургтер мекені. Сәулетті құрылыстар - Беғазы кесенелері, «тектішекті пирамида», Таңбалы петроглифтері – ЮНЕСКО тізіміне енген ескерткіш. Есік обасы – көшпелі ерте темір мәдениеттің ескерткіші.

Ортағасырдағы Қазақстанның исламға дейінгі және ислам дәуірі тарихи орындары. Жібек жолының Қазақстан арқылы өткен тармақтары.

3.2. Түркістан қаласы тарихы.

Көне Түркістан - Ясы қалашығы. Шауғар. Қожа Ахмет Ясауидің түркістандағы қызметі. 13-15 ғасырлардағы Ясы қаласы. Әмір Темір және Түркістан тарихы. Түркістан - Қазақ хандығы астанасы. Абылай хан. 19-20 ғасырлардағы Түркістан қаласы.

3.3 Қ.А.Ясауи кесенесі тарихы. Зерттеу мен жөндеу барысы.

Қожа Ахмет Ясауидің алғашқы кесенесі. Әмір Темір әмірімен 14-15 ғғ. ханака салынуы. Ғимараттың архитектурасы мен құрылымы. Абдулла-хана ойығы. Ресей империясы кезіндегі жағдайы. Кеңестер Одағы кезіндегі зерттеу және реставрация жұмыстары. Қазақстан тәуелсіздік кезіндегі реставрация жұмыстары.

3.4 Қ.А.Ясауи кесенесіндегі сақталған байырғы заттар. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар.

Тайқазан. Қола шырағандар. Аспалы шырағандар. Ту басы - лауха. Қабыржапқыш. Нақышты есіктер. Қолжазбалар.

Құлпытастыр. Қожа Ахмет Ясауи отбасы, хандар, сұлтандар, дін иелері, билер, батырлар., басқа да тарихи тұлғалар.

3.5 Түркістанның басқада архитектуралық және археологиялық ескерткіштері.

Құмшық ата. Хылует. Ал-Қожа ата кесенесі. Рабия сұлтан бегім кесенесі. Басқа да кесенелер, сағаналар. Қорған-қамал. Қақпалар. Монша ғимараты. 19 ғ. мешіті. Баба араб, т.б.

3.6 Түркістан қаласы айналасындағы көрікті жерлер

Қарнақтағы мешіт – кешен- музей. Мың жылдық тут ағашы. Жүсіп ата, Хантағы. Өгізтау. Тас қамалдар. Ташанақтағы мешіт. Уақаша ата, Жылаған ата, Ғайып ата, Көктонды ата

3.7 Сауран тарихы мен үскерткіштері.

Сауран қалашығы туралы ақпарлар жазба деректерде және археологиялық материалдар. Байырғы Сауран - Қаратөбе. Қамал-қорған. Қазба барысыда табылған 16 ғас. медресе мен мешіт.

3.8 Отырар тарихы мен ескерткіштері

Арыстанбаб кесенесі. Отырар қалашығы туралы ақпарлар жазба деректерде және археологиялық материалдар. Қамал қорғаны. Рабадтағы монша. Су құбыры галереясы. Қақпасы. Әмір Темір қайтыс болған Бердібек сарайы. 13-14 ғғ. моншасы. 16 ғас. мешіті.

3.9 Сайрам тарихы мен ескерткіштері

Сайрам – Испиджаб қалашығы туралы ақпарлар жазба деректерде және археологиялық материалдар. Ыдырыс пайғамбар мешітінің тас ұстыны - IX –X ғғ. ескерткіші. Әбдел Әзиз бап кесенесі. Қожа Ахмет Йасауидің әкесі – Ибраһим ата кесенесі. Қожа Ахмет Йасауидің анасы – Қарашаш ана кесенесі Қызыр пайғамбар мешітінің мұнарасы. Мәртөбе.

3.10 Қазығұрт, Бәйдібек, Созақ аудандарының көрікті жерлері

Қазығұрт тауы. Турбаттағы Ысмайыл ата мен Ысқақ атаның кесенелері XIV ғ. ескерткіші. Баба ата қалашығы мен сәулет ескерткіштері. Ақсүмбе (Ақбике) мұнарасы. Созақтағы мешіт пен киелі орындар. Ақмешіт үңгірі. Шаяндағы мешіт-медресе.

Модуль 4. Туристік өнімді жылжыту әдістері

4.1. Туристік нарықты маркетингтік зерттеулер

Бұл модуль туристік нарықтағы маркетингтік зерттеулердің негізгі принциптерін, әдістері мен құралдарын қарастырады. Оның мақсаты —туристік қызметтер мен өнімдерді тиімді жылжыту үшін нарықтық ақпаратты жинау, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру.

4.2. Туристік өнімнің баға қалыптастыру ерекшеліктері

Баға қалыптастыру процесінің негізіндегі экономикалық, нарықтық және психологиялық факторларды талдап, тиімді баға саясатын қалай әзірлеу керектігін үйренеді.

4.3. Туристік өнімді нарыққа жылжыту жолдары

Модульде жарнама, PR, әлеуметтік медиа, контент-маркетинг және өткізу арналарын қолдану арқылы туристік өнімнің танымалдығын арттыруды үйренеді. Сонымен қатар, модульде мақсатты аудиторияны анықтау және нарықтық трендтерге сәйкес жылжыту стратегияларын қалыптастыру маңызды аспектілер ретінде қарастырылады.

4.4. Заманауи сату әдістері

Цифрлық маркетинг, әлеуметтік медиа, контент-маркетинг, және инфлюенсер маркетинг сияқты заманауи әдістерді қалай тиімді қолдану керектігін үйренеді. Модуль сонымен қатар, клиенттермен байланыс орнату және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы сату көлемін арттыруға бағытталған.

4.5 Нейромаркетинг. «Осал» сатылымдар

Бұл модуль нейромаркетингтің негіздерін, сатып алу психологиясын және тұтынушылардың шешім қабылдау процесін зерттеуге бағытталған. «Осал» сатылымдардың себептері мен оларды жеңу жолдарын талдап, нейроғылым әдістерін қолдана отырып, тұтынушылардың мінез-құлқын түсінуге мүмкіндік алады.

4.6 Маркетинг трендтері мен инновациялары

Цифрлық трансформация, мәліметтерді талдау, және тұтынушы тәжірибесін жақсартуға бағытталған жаңа технологияларды зерттеуге арналған. Модуль сонымен қатар, маркетинг стратегияларын жаңарту үшін трендтер мен инновациялардың әсерін бағалауға назар аударады.

Әдебиеттер:**Негізгі және қосымша әдебиеттер:**

1. Баранов А.С. Информационно-экскурсионная деятельность на предприятиях туризма: учебник. - Москва: Инфра-М, 2021.- 383 с.
2. Баумгартен Л.В. Стандарты качества проведения экскурсий: учебное пособие. - Москва: Инфра-М, 2019.- 96 с.
3. Кулакова Н.И. Технология и организация экскурсионных услуг: учебное пособие. - 2-е изд. испр. и доп.- Москва: Юрайт, 2019.- 127 с.
4. ГОСТ №28681 1-95 Туристско-экскурсионные услуги. – Алматы. 2013.
5. Профессиональные стандарты туристской отрасли РК. – Астана, 2012.
6. «Квалификационные требования к туристской деятельности» Постановление Президента РК №179 от 07.02.2000 г.
7. Закон «О туристской деятельности в РК». – Алматы, 2012. – 34 с.
8. Педагогика: Большая современная энциклопедия / сост. Е.С. Рапацевич. – Минск: «Соврем. слово», 2005. – 718 с. Смағұлов Е., Тұяқбаев М. Түркістанның ортағасырлық тарихы. Түркістан: Мұра, 1998.
9. Қазақ хандары. Энциклопедиялық анықтамалық жинақ. Алматы, 2015. -224 б.
10. Түркістан-руханият бесігі. Бірінші кітап. – Нұр-сұлтан: Нұрнама.KZ, 2019. – 504б.
11. Муминов Ә.Қ., Қожа М., С. Моллақанағатұлы. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. (Өңделген, толықтырылған төртінші басылым. Алматы: «Эффект», 2013.

Қосымша :

1. Скобельцина А.С., Шарухин А.П. Технология и организация экскурсионных услуг. – М.: «Академия», 2010.
2. Хуусконен Н.М., Глушанок Т.М. Практика экскурсионной деятельности. С.-ПТ: изд. «Невский фонд», 2008.
3. Гецевич Н.А. Основы экскурсоведения. – Минск, 1988.
4. Кулаев К.В. Экскурсионная деятельность: теоретические и методологические основы. – М., 2004. – с. 25.
5. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение.–Минск.: Изд-во БГЭУ, 2004. – 333 с.
6. Муналбаева У.Д. Музейная педагогика. – Алматы, 2013. – 527 с.
7. Лютерович О.Г. Педагогические условия подготовки будущих экскурсоводов в ВУЗах: дис. канд. пед. наук. – Алматы, 2010. – 152 с.
8. Смағұлұлы О., Қожа М. А. Оразаққызы. Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу. Алматы, 2023.
9. Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. Шымкент, 2021.
10. Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. Тарихи-археологиялық деректер негізінде. Монография. Алматы, 2017. 308 б.
11. Қожа М. Ортағасырлық Отырар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. Монография. – Түркістан: Тұран, 2006. – 238 б.
12. Қожа М. Иасы-Түркістан тарихы. История Ясы-Туркестана. – Алматы: Қазақпарат, 2000. 44 б. (қазақша, орысша).

Электрондық құралдар

1. <https://kaztour-association.com/>
2. <https://www.unwto.org/ru>
3. <https://www.gov.kz/memleket/>